



«БЕКІТІЛДІ»
«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ
Әлеуметтік даму жөніндегі проректор
м.а. Д.Ж.Ділдәбек


«19» желтоқсан 2023 ж.



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ
«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ» ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ» ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Психологиялық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

Психологиялық қолдау қызметінің мақсаты – білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық денсаулығын қолдау және нығайту, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы психологиялық климат құру және оқу-тәрбие процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қолдау қызметінің міндеттері:

1. білім беру үдерісіне қатысушылардың тұлғалық дамуына, өзін өзі дамытуға және өзін өзі тәрбиелеуге ықпал ету;
2. студенттердің асоциалды және аутодеструктивті мінез-құлық көріністерінің алдын алу және анықтау;
3. студенттердің бейімделу мәселесінде әлеуметтік-психологиялық үрдістерді ұйымдастыру;
4. студенттердің эмоционалдық-психологиялық қиындықтары мен мәселелерін алдын-алу және шешу үшін психодиагностика, психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
5. студенттерге өз мүмкіндіктерін анықтауға көмектесу;
6. студенттердің позитивті өмірлік ұстанымын қалыптастыру;
7. студенттермен тиімді кәсіби қызмет пен жетістікке жету үшін қажетті психологиялық біліммен бөлісу;
8. университет басшылығына корпоративтік мәдениетті нығайтуға көмектесу;
9. психологиялық қолдау қызметінің негізгі бағыттары бойынша студенттерді, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды және профессор-оқытушылар құрамын психологиялық қолдау қызметі туралы ақпараттармен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
10. студенттерге оқу қиындықтары мен әлеуметтік-эмоционалдық проблемаларды жеңуде психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қолдау қызметінің функциялары мен бағыттары

Функциялары:

- студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына психологиялық мәселелер бойынша қолдау көрсету;
- психодиагностикалық жұмыстардың интерпретациясын талдау және жинау;
- білім берудегі, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен механизмдерін анықтау;
- психологиялық құзыреттілікті қалыптастыру және тұлғалық қасиеттерді дамыту мақсатында әлеуметтік-

психологиялық топтық іс-шаралар, тренингтер жүргізу.

Психологиялық қолдау қызметі өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- психологиялық консультация жүргізу;
- психодиагностика;
- психокоррекция;
- психопрофилактика;

Психопрофилактика және психокоррекция жұмыстары келесі мәселелердің алдын алуға және жеңуге бағытталған:

- оқудағы қиындықтар;
- эмоционалды-ерікті сферада;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Психологиялық қолдау қызметінің бағыттары келесі жұмыстарды қамтамасыз етеді:

- білім беру процесінің барлық қатысушыларын өзін өзі диагностикалау, өзін өзі түзету, өзін өзі бақылау және өз мүмкіндіктерін дамыту әдістеріне үйрету;
- жеке тұлғаның психологиялық және физикалық денсаулығын, салауатты өмір салтын және өзін өзі жүзеге асыруын нығайтуға бағытталған көзқарастар мен өмірлік басымдықтарды қалыптастыру;
- психолог пен педагогикалық ұжымның бірлескен іс-әрекеті негізінде студент тұлғасының даму процесіне, оның даралығын сақтауға көмектесу;
- «тәуекел тобына» және ішкі университетте тіркелген студенттерге психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық консультация жүргізу бағыты білім беру процесінің барлық қатысушыларына оқудағы қиындықтарды жеңу мәселелері бойынша; тұлғааралық қатынастарда; жалпы, жеке, кәсіби және білім беруде басқа да өзекті мәселелердің кең ауқымы бойынша қолдау көрсетуді көздейді.

Психологиялық қолдау қызметінің негізгі бағыттары жүзеге асырылуда:

- жеке және топтық жұмыстар жүргізу арқылы;
- жеке кеңес беру арқылы;
- семинарлар, ғылыми-практикалық конференциялар, республикалық және қалалық форум, психологиялық-педагогикалық кеңестер жұмысына қатысу арқылы;
- талдау жұмыстарын жүргізу арқылы.

Психологиялық қолдау қызметі білім беру процесінің барлық қатысушыларына қолдау көрсетеді:

- өз бетінше көмек сұраған студенттерге;
- топтық психодиагностикалық жұмыс нәтижесінде, сондай-ақ ата-аналардың (басқа заңды өкілдердің), профессор-оқытушылар құрамының, эдвайзерлердің және оқу үдерісіне басқа қатысушылардың өтініші бойынша оқу процессінде, мінез-құлықта, қарым- қатынаста мәселе туындаған студенттерге;

Университеттің психологиялық қолдау қызметінің құрылымы

1. Психологиялық қолдау қызметінің құрылымы білім беру ұйымының түріне және қажеттіліктеріне, штат бірлігінің санына қарай айқындалады.
2. Психологиялық қолдау қызметі студенттермен және профессор-оқытушылар құрамымен топта және жеке психологиялық консультациялар, диагностика, түзету-дамыту және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін ЖОО базасында қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген жеке кабинетте және жеке форматта жұмыс істейді.
3. Психологиялық қолдау қызмет өз жұмысында университеттің барлық бөлімдерімен өзара әрекеттеседі.
4. Психологиялық қызметтің құрамына педагог-психологтар мен практик-психологтар кіреді.